ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылы 24 қыркүйек іс № 5501-24-00-2/2701 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Е.Т. Магзумов,
сот отырысының хатшысы Д. Кабышевамен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ЕТУШІ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар ауданының поликлиникасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«МБК» жеке кәсіпкерінің атынан Кувандык Туркменбаевич Мухаммедов

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСТЫ
Талап қоюшының өкілі Кусаинова А.Т.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Іс материалдарымен тараптардың міндеттемелері 2024 жылғы 22 сәуірде № 193 жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттың (бұдан әрі –келісімшарт) негізінде туындағаны, оның талаптары бойынша жауапкер проекциялық экраны бар проектор, оны шартқа қол қойғаннан кейін ағымында он бес күн ішінде орындауға міндеттеме алған.

Келісімшарт 2024 жылдың 16 маусымда бұзылды.

Талап қоюшы жауапкердің жасалған келісімшарт бойынша өз міндеттерін орындамағанын алға тартып, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа шолу жібермеген.

Талапкер қоюшының өкілі соттан қарауда көрсетілген негіздер бойынша талаптарды қанағаттандыруды сұрады.

Жаупкер сот отырысына қатыспады.

Сот, тарап қоюшының пікірін тыңдап, азаматтық іс-материалдарын зерттеп, берілген дәлелдемелерді жан-жақты бағалап, келесідей нәтижесіне келді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабына сәйкес келісімшарт талаптарын орындамаған немесе тиісінше орындамаған мемлекеттік сатып алуға қатысушы мемлекеттік сатып алуға жосықсық қатысушылардың тізіліміне енгізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 5-тармағына сәйкес жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған өнім берушілерді тану туралы талаптарды қарау кезінде олармен мемлекеттік сатып алудың адал емес қатысушылары ретінде соттар Азаматтық кодекстің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабына сәйкес әділдік пен парасаттылық критерийлерін негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарларды ескеруі қажет. Жағымсыз салдар деп келісімшартқа қатысушыға ол келісімшарт жасасу кезінде сенім артуға құқығы бар нәрседен едәуір дәрежеде айырылғандай зиян келтіру деп түсіну керек (АК-тің 401-бабының 2-тармағы).

АПК-нің 72-бабының талаптарына сәйкес әрбір тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге міндетті. АПК-нің 224-бабының 2-бөлігіне сәйкес, сот өз шешімін тек тараптар ұсынған және сот отырысында зерттелген дәлелдемелерге негіздейді.

Әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алуға қатысқандықтан, сәйкесінше, Заңның 38-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарт жобасында көзделген маңызды шарттарды сақтай отырып, тауарларды жеткізуге және орнатуға келісімін білдірді.

Сот анықтағандай, жауапкер келісімшартта көзделген мерзімде тауарды жеткізбеген.

Осылайша, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған. Азаматтық кодекстің (бұдан әрі – АК) 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме тиісінше орындалуы тиіс, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге болмайды.

Демек, талап қоюшы келісімшарт жасасу кезінде сенім артуға құқығы бар нәрседен айырылды. Сотқа ешқандай керісінше дәлел келтірілмеген.

Документ подписан: Магзумов Е. Т., 24.09.2024
Дата вступления в законную силу: 28.10.2024, судья Магзумов Е. Т., 29.10.2024
5501-24-3-6/150

Талап қоюшы сотқа талап арыз беру мерзімін өткізіп алмады. Жауапкер қорғануға өзінің іс жүргізу құқығын пайдаланбады.

Мұндай жағдайларда және осы құқық нормаларын ескере отырып, сот талабын негізді және қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

АПК-тің 117 баптың 1 бөлігіне сай «МБК» жеке кәсіпкернің атынан Кувандык Туркменбаевич Мухаммедовтан мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік бажды өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226, баптарын басшылыққа алып сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Павлодар ауданының поликлиникасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны «МБК» жеке кәсіпкерінің атынан Кувандык Туркменбаевич Мухаммедовке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою - қанағаттандырылсын.

«МБК» жеке кәсіпкерінің атынан Кувандык Туркменбаевич Мухаммедов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«МБК» жеке кәсіпкерінің атынан Кувандык Туркменбаевич Мухаммедовтан мемлекеттің пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Павлодар облыстық сотына Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат келтіруі – шешім тәпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **Е. Магзумов**

Документ подписан: Магзумов Е. Т., 24.09.2024

Дата вступления в законную силу: 28.10.2024, судья Магзумов Е. Т., 29.10.2024